

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Петерфельд ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар, көшелер және көппәтерлі үйлердің тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы мәслихатының 2014 жылғы 22 сәуірдегі N 26/12 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 22 мамырда N 2789 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы мәслихатының 2022 жылғы 4 наурыздағы № 12/9 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы мәслихатының 04.03.2022 № 12/9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 39-3-бабының 6-тармағына және "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысының Қызылжар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қоса беріліп отырған Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Петерфельд ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Петерфельд ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысатын ауылдар, көшелер және көппәтерлі үйлердің тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы бекітілсін.

3. Осы шешім мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысының

Қызылжар аудандық мәслихат

сессиясының төрағасы

Н. Рақымов

Солтүстік Қазақстан облысының

Қызылжар аудандық мәслихат

хатшысы

А. Молдахметова

КЕЛІСІЛДІ

Солтүстік Қазақстан облысы

Қызылжар ауданының

Петерфельд ауылдық округінің әкімі

Б. Еңсегенов

23 сәуір 2014 жылы

Солтүстік Қазақстан облысының
Қызылжар аудандық мәслихатының
2014 жылғы 22 сәуірдегі № 26/12
шешіміне қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Петерфельд ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиынына қатысатын ауылдар, көшелер, көппәтерлі үйлер тұрғындар өкілдерінің сандық құрамы

Елді мекеннің ауылдар, көшелер және көппәтерлі үйлердің атауы	Бөлек жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар, көшелер және көппәтерлі тұрғындар өкілдерінің саны (адамдар)
Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Петерфельд ауылдық округінің Измайловка ауылының тұрғындарына	2
Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Петерфельд ауылдық округінің 2603 км аялдама пункті ауылының тұрғындарына	2
Петерфельд ауылының Коминтерн көшесі	11
Петерфельд ауылының Торговая көшесі	6
Петерфельд ауылының Молодежная көшесі	7
Петерфельд ауылының Школьная көшесі	6
Петерфельд ауылының Октябрьская көшесі	6
Петерфельд ауылының Восточная көшесі	4
Петерфельд ауылының Новая көшесі	11
Кондратовка ауылының Железнодорожная көшесі	6
Кондратовка ауылының Зеленая көшесі	6
Кондратовка ауылының Котлованная көшесі	2
Кондратовка ауылының Школьная көшесі	6
Кондратовка ауылының Элеваторная көшесі	15
Кондратовка ауылының Привокзальная көшесі	5
Боровское ауылының Бірінші көшесі	3
Боровское ауылының Екінші көшесі	3
Боровское ауылының Үшінші көшесі	2
Боровское ауылының Промышленная көшесі	3
Кривоозерка ауылының Бірінші көшесі	4
Кривоозерка ауылының Екінші көшесі	3
Кривоозерка ауылының Үшінші көшесі	3
Затон ауылының Бірінші көшесі	1

Затон ауылының Екінші көшесі	1
Затон ауылының Үшінші көшесі	2
Затон ауылының Железнодорожная көшесі	93
Көппәтерлі тұрғын үйлердің мекенжайлары	Петерфельд ауылының көппәтерлі тұрғын үйлерінің тұрғындары өкілдерінің (адамдардың) саны
Петерфельд ауылының 1 Нефтяниктар көшесі	1
Петерфельд ауылының 2 Нефтяниктар көшесі	2
Петерфельд ауылының 3 Нефтяниктар көшесі	2
Петерфельд ауылының 4 Нефтяниктар көшесі	2
Петерфельд ауылының 5 Нефтяниктар көшесі	3
Петерфельд ауылының 11 Нефтяниктар көшесі	3
Петерфельд ауылының 14 Нефтяниктар көшесі	3
Көппәтерлі тұрғын үйлердің мекенжайлары	Затон ауылының көппәтерлі тұрғын үйлерінің тұрғындары өкілдерінің (адамдардың) саны
Затон ауылының Коноплянка 1 көшесі	2
Затон ауылының Коноплянка 2 көшесі	3
Затон ауылының Коноплянка 3 көшесі	4
Көппәтерлі тұрғын үйлердің мекенжайлары	Кондратовка ауылының көппәтерлі тұрғын үйлерінің тұрғындары өкілдерінің (адамдардың) саны
Кондратовка ауылының Привокзальная 10 көшесі	2

Солтүстік Қазақстан облысы
Қызылжар аудандық мәслихатының
2014 жылғы 22 сәуірдегі
№ 26/12 шешімімен бекітілген

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Петерфельд ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Петерфельд ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 39-3-бабының 6-тармағына, "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысына сәйкес әзірленді және Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Петерфельд ауылдық округі ауылдар, көшелер және көппәтерлі тұрғын үй тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің тәртібін белгілейді.

2. Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Петерфельд ауылдық округі аумағында ауылдар, көшелер және көппәтерлі үйлер тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастықтың жиыны (бұдан әрі – бөлек жиын) жергілікті

қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында шақырылады және өткізіледі.

2. Бөлек жиындарды өткізу тәртібі

3. Бөлек жиынды Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Петерфельд ауылдық округінің әкімі шақырады.

Жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуге Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы әкімінің оң шешімі бар болған жағдайда бөлек жиынды өткізуге болады.

4. Жергілікті қоғамдастық халқы бөлек жиындардың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы аудандық "Қызылжар" және "Маяк" газеттері немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.

5. Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Петерфельд ауылдық округі ауылдар, көшелер және көппәтерлі үйлер шегінде бөлек жиынды өткізуді Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Петерфельд ауылдық округінің әкімі ұйымдастырады.

6. Бөлек жиынды ашудың алдында Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Петерфельд ауылдық округі ауылдар, көшелер және көппәтерлі үйлердің қатысып отырған және оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

7. Бөлек жиынды Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Петерфельд ауылдық округ әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Петерфельд ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жиынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын рәсімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

8. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Петерфельд ауылдық округі ауылдар, көшелер және көппәтерлі үйлердің тұрғындар өкілдерінің кандидатураларын Қызылжар ауданы мәслихаты бекіткен тұрғындары сандық құрамға сәйкес бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

9. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

10. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Петерфельд ауылдық округі әкімінің аппаратына береді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК